

2015 жылы қоғамдық жұмыстарды жергілікті бюджет қаражаты есебінен ұйымдастыру және оның көлемі туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 6 ақпандағы № 68 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 3 наурызда № 3064 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 685 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 27.01.2016 № 685 хатымен)

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5) тармақшасына және 20 бабына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес, Созақ ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және оларды қаржыландырудың көздері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбекақы төлеу еңбек шартының негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және орындалатын жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне байланысты б о л а д ы .

3. Ақы төленетін қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға еңбек заңнамасы, зейнетақымен қамсыздандыру және сақтандыру туралы заңнама қ о л д а н ы л а д ы .

4. «Созақ ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулыны Созақ ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми ж а р и я л а н у ы н ;

3) осы қаулыны Созақ ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Әлмағанбетке жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі А. Аймұрзаев
Созақ ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 6 ақпандағы
№ 68 қаулысымен бекітілген

**2015 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі,
қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және оларды қаржыландырудың
көздері**

к/с	Ұйымдардың атауы	Жұмыс түрлері	Адам саны	Қоғамдық жұмыстардың көлемі	Қаржыландыру көздері
1	«Созақ ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	Аумақты экологиялық сауықтыру көріктендіру	15	70 000 шаршы метр	аудандық бюджет
2	«Шолақорған ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	тұрғындардың үйлерін аралау, ауыл округінің әлеуметтік картасын құрастыруға қатысу	141	3700 үй	аудандық бюджет
3	«Созақ ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	тұрғындардың үйлерін аралау, ауыл округінің әлеуметтік картасын құрастыруға қатысу	41	2100 үй	аудандық бюджет
4	«Құмкент ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	тұрғындардың үйлерін аралау, ауыл округінің әлеуметтік картасын құрастыруға қатысу	31	800 үй	аудандық бюджет
5	«Жартытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	тұрғындардың үйлерін аралау, ауыл округінің әлеуметтік картасын құрастыруға қатысу	31	500 үй	аудандық бюджет
6	«Сызған ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	тұрғындардың үйлерін аралау, ауыл округінің әлеуметтік картасын құрастыруға қатысу	32	692 үй	аудандық бюджет
7	Қаракұр ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	тұрғындардың үйлерін аралау, ауыл округінің әлеуметтік картасын құрастыруға қатысу	25	384 үй	аудандық бюджет

8	«Қаратау ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	тұрғындардың үйлерін аралау, ауыл округінің әлеуметтік картасын құрастыруға қатысу	22	330 үй	аудандық бюджет
9	«Жуантөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	тұрғындардың үйлерін аралау, ауыл округінің әлеуметтік картасын құрастыруға қатысу	21	160 үй	аудандық бюджет
10	«Тасты ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	тұрғындардың үйлерін аралау, ауыл округінің әлеуметтік картасын құрастыруға қатысу	16	93 үй	аудандық бюджет
11	«Шу ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	тұрғындардың үйлерін аралау, ауыл округінің әлеуметтік картасын құрастыруға қатысу	12	74 үй	аудандық бюджет
12	«Таукент кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	тұрғындардың үйлерін аралау, ауыл округінің әлеуметтік картасын құрастыруға қатысу	15	676 үй	аудандық бюджет
13	«Қыземшек кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	тұрғындардың үйлерін аралау, ауыл округінің әлеуметтік картасын құрастыруға қатысу	15	530 үй	аудандық бюджет
14	Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй- коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Созақ-сәулет» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	аумақты абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарына көмектесу	20	10080 шаршы метр	аудандық бюджет
15	Оңтүстік Қазақстан облысы «Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі	аумақты абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарына көмектесу	10	4480 шаршы метр	аудандық бюджет
16	«Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	үйде әлеуметтік күтімге алынған және мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсетуге жәрдемдесу	5	98 жалғыздікті қарттар, 96 мүгедек балалар	аудандық бюджет
17	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті Созақ ауданының Әділет басқармасы» мемлекеттік мекемесі	мұрағат кітаптарын ішінара жаңғырту, кітаптарды тігуге дайындау және жасақтау, үй аралау, сұраным бойынша іздеу салу	5	600 іс-құжат, 800 үй, 200 сұраным	аудандық бюджет
		жастардың арасында салауатты өмір салтын			

18	«Оңтүстік Қазақстан облысының ішкі істер Департаменті Созақ ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі	насихаттау жұмысын ұйымдастыру, кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу («Сақшы» және «Тәртіп» пилоттық жобалары)	43	12 ауылдық округ аумағында	аудандық бюджет
	Барлығы:		500		

Ескертпе: қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары жұмыс берушімен және қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтың арасында жасалатын еңбек шартында көзделеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК